

FTAMP 10.07.21

Ф.Ж. Маманова¹

¹Сулейман Демирел атындағы Университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

БИЛЕР СОТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУЫНДАҒЫ ОРНЫ

Андатпа. Қазіргі таңда би сөзінің этимологиясы туралы бірауызды пікір жоқ. Осы мақалада билер сотына, би сөзіне анықтама беруге тырыстық. Сонымен бірге бұл мақалада қазақ қоғамындағы билер сотының қалыптасу, даму тарихы қарастырылады және билер институтына тән ерекшеліктер айқындалады. Билер соты қалай жүргізілген, атақты ғалымдардың зерттеулерінде билер туралы не айтылған және қазіргі таңда билер институтынан қандай түйіндер жасай аламыз, қазіргі таңда қай тұстарын пайдалана аламыз т.б. сұрақтарға жауап берілді. Осы мақаладағы зерттеулерімізбен қазақ елінің кең сахарасындағы құқық бүгінгі таңда да сот төрелігінің жоғары стандарты ретінде қызмет етуге, республиканың сот жүйесін қалыптастыру үдерісін және оны рухани байытуға лайықты екенін дәлелдедік.

Түйін сөздер: билер, билер институты, жариялылық, билер шешімі.

Аннотация. На сегодняшний день нет единого мнения об этимологии понятия «бии». В этой статье мы попытались дать точное определение понятиям «би» и «институты биев». Рассматривается история формирования судебной системы в казахском обществе и особенности института биев. Были даны ответы на такие вопросы: как проводилось судебное разбирательство, что было сказано о биях в исследованиях известных ученых и какие заключения могут быть сделаны сегодня из судебной власти биев и т.д. Исследованиями, описанными в этой статье, авторы доказали, что древний казахский институт права сегодня может служить стандартом судебной системы и обогатить ее.

Ключевые слова: бий, институт биев, гласность, решения биев.

Annotation. This article defines the concepts of "bi" and "biys institutes". Today there is no etymology of "biys". The history of formation of judicial system in the Kazakh society and features of institute of biys is considered. The answers were given to such questions as: how the trial was conducted, what was said about biis in the study of well-known scientists, and what conclusions can be drawn today from the judicial power of the biys,

which sides we can use today etc. With this research we have confirmed that this is a kazakh ordinary right right, so today we can have a standardized system and keep it up.

Key words: biys, institute of biys, publicity, the biys' solutions

Республиканың егемендікке қол жеткізуімен әлемдік құқықтық кеңістікке енуі, халықаралық-құқықтық қатынастар саласындағы интеграция сот жүйесін түбегейлі реформалаудың негізгі алғышарттары болды. Қазіргі заманғы қазақстандық сот жүйесінің пайда болуы жаңа тарихтың кеңістігінде қалыптасты, ол негізінен әлемдік құқықтық жүйеге қарай стандартталған, көбіне шет елдердің құқықтық жүйесінен алынған.

Алайда қазақ халқының тарихында қазақ халқының ортағасырлық мемлекеттілігінің кең кеңістігінде көптеген ғасырлар бойы табиғаты мен мақсаты бойынша бірегей қазақ құқығы қалыптасып, өмір сүрген уақыттар болған еді. Ол құқық бүгінгі таңда да сот төрелігінің жоғары стандарты ретінде қызмет етуге, республиканың сот жүйесін қалыптастыру үдерісін және оны рухани байытуға лайықты.

Би сөзінің этимологиясы туралы қазіргі таңда бірауызды тұжырым жоқ. Бұл мәселеге алғаш көңіл аударған Шоқан Уалиханов би сөзінің түбірін көне түркінің бек және бей сөздеріне тіреп, оның негізгі мағынсы сотты білдіретінін атаған еді [1, 87 б.]. Бұдан кейінгі уақытта Леонтьев би сөзін билеу етістігінен шыққандығын айтып, оны басқарушы мағынасында қолданылғанығын айтса [2, 118 б.], Бартольд би түбірі бек лауазымының нұсқасы, осман түркілерінде бей формасында қолданылып, қара халықтан да, билеуші әулеттен де бөлек тұрған шонжарларды немесе рудың жетекшісі ретіндегі князьды, сөздің кең мағынасында кез келген басқарушыны білдіреді дейді.

Қазақ елінің тарихына көз салсақ, қазақ мемлекетінің жоғалтқанын түгендеп, жыртығын бүтіндеп егемен ел атанғанан бері қарайғы болмыс-бітімімен қайнасып, бойына сіңген әдет-ғұрып, салт-санасынан екшеліп шыққан заңдар халқымыздың билер үкімін биік парасатқа жеткізгенін дәлелдейді. Би деген атақ қазақ қоғамында кең тараған. Бұл атақтың пайда болу тарихы дешті қыпшақ қоғамына тамырын жаяды. Алтын Орда құрамына кірген түркі тілдес халықтарда да кездеседі. Қазақ соты тарихындағы билер сотының алар орны ерекше. Алайда билер үкімі туралы жазылған еңбектер тереңге бармады. Оған себеп – кеңес идеологияның дәуірлеп, коммунистік партияның аяқты кісендеп, жеке-дара үстемдік етіп, кең зерттеулер мен талдауларға мүмкіндік бермеуі.

Дәлел ретінде кеңес дәуірінде би деген сөздің анықтамасын келтірсек болады. «Би – әлеуметтік категория ретінде қазақ халқының тарихында ерте заманда шыққан үстем тап өкілі... Әлеуметтік қатынастардың дамып шиеленісуімен бірге билердің көпшілігі қанаушы

таптардың өкіліне айналды. Билердің әдет-заң нормаларын талқылауда, билік шығаруда, бұл биліктің орындалу әдістерін белгілеуде кең праволары болды. Өкілдіктің мұндай өктем болуынан зомбылық туып отырды... билердің соты қазан революциясына дейін қылмыстық және азаматтық істердің көпшілігін қарайтын ресми орган болып, құн, барымта, қалың мал, әмеңгерлік, көп әйел алу т.б. патриархалдық кертартпа қалдықтарды қорғап келді. [3, 322-323 бб.]

Қазақ елі отарлау саясатын дейін билер дау-дамай, жанжал ғана емес, азаматтық, елдік, рулық мәселелерді де кең көлемде шешіп отырған. Шоқан Уалиханов «суд биев в древней народной форме» [4, 165-178 бб.] атты мақаласында би атағын беру қазақта халық тарапынан ресми сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет арқылы болған емес, сот ғұрыптарын жетік білген, тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болған. Би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің ісіне жетіктігін және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған. Осылайша, би атағы сот және адвокаттық қызмет үшін бір патент сияқты болған еді.

Би соты ауызша және жария түрде жүргізілді әрі барлық жағдайда қорғаушы қызметіне жол берілді. Би сотына деген халық ішіндегі құрметтің үлкен болғаны соншалық, ешқандай тәртіптік шараларды қажет етпеген. Билер ресми түрде ешкіммен тағайындалмаған. Олардың маңызы жеке беделге негізделгендіктен, би тек оған жүгінген кезде ғана сот. Ал оған тек жақсы гепотмее-сі бар болған кезде жүгінген; тек қана беделінің төмендеуі ғана оны би атағынан айырған. Билер «бидің билігінен» басқа өздеріне не қазынадан, не халықтан ақша алмаған. Билер сотының ең негізгі артықшылығы формальдылық пен ресмиліктің жоқтығы.

Тап осындай пікірлерді қазақ даласын кезіп, қазақ даласы туралы көп еңбек жазған Ә.Диваев, А.Васильев, В.Радловтың шығараларынан да кездестіреміз. Жат жұрт өкілдерінің өзі би устем таптың өкілі, ол тек қана хан-сұлтан, бай-манаптардың сойылын соғып, халықты қанаушы деген пікірді қалддырмаған. Ауызша жеткен немесе жазбаша жазылған шежірелерімізге қарасақ, билер тек байлардың арасынан емес, сонымен қатар кедейлердің арасынан да шыққанын байқаймыз.

«Материалы по обычному праву казахов» атты жинақта Лукин «қырғыздар даласында жасалған кез-келген қылмыс қандай болса да, әр руда болатын, адал ниетті әрі әділдіктегі тәжірибелермен ерекшеленген билермен талқыланып шешіледі» деп атап өткен [5, 76-77 бб.]. Дәл сол жинақта Аитов «әрбір би қырғыздардың ісін әділ және жылдар бойы қалыптасып, уақытпен өзгермей, барлық руда өз күшін сақтап қалған әдет-ғұрыптан ауытқымай шешіп талқылауға тырысады. Алайда, егер би белгілі бір дауды шешуде әдет-ғұрып ережелерін бұзып, әділетсіздік

жасаған болса, даугер басқа би немесе сұлтанға баруға құқылы болған. Ол жерде әділетсіздік анықталып, басқа шешім шығарылатын болған. Сирек кездесетін мұндай жағдайлар орданың ішінде тез жайылатындықтан, қырғыздар бұдан кейін ол әділетсіз биге өз дауларымен жүгінбейді. Мұны өте жақсы білетін билер өз шешімдерінде әділетті болуға әрі әдет-ғұрыптан аттамауға тырысады», - деп жазған [5,77 б.].

«Қырғыздардың әрбір руында мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы тұрғысынан ең игі таңдаулылары бар. Ол таңдаулы адамдар өздері басқаларға үлгі болып, істерді шарифат ережелерімен әділ шешкені үшін ордалықтардың сүйіспеншілігіне ие болған. Ол таңдаулы адамдарды би деп атайды және оларға заңды сотқа бағынғандай бағынады. Осы билер жергілікті ақсақалдардың қатысуымен барлық жеке және қоғамдық істерді қарастырады. Биге шағым түсісімен, би өзі ру ішіндегі беделді ақсақалдарды шақырып, дау-дамайды шешу үрдісіне қатыстырады. Сосын даугер мен айыптының сөздерін кезекпен тыңдап, өз шешімін айтады», - деп Белозеровтың жазғандарынан билердің орда ішіндегі беделін аңғарамыз [5, 110 б.].

Қазақ елінің алғаш аудармашысы, публицист, ағартушы Дінмұхамед Султангазин өз зерттеулерінде қазақ қоғамындағы билер сотының тиімді және ізгілік сипаттардағы нышандарына назар аударған. Билер соты демократиялық және ұлттық ерекшеліктерге сай келген, бюрократиялық сипаттардан мүлдем ада болған. Султангазин билердің сайланбағанын, халық дәстүрлерін жақсы білгендіктен, би атанғанын айтады. Мұндай билердің шешімдерін ешкім өзгертпеген, тіпті хандар олардың ісіне араласпаған, шешімдерін бұзбаған. Бір жағынан, қазақ даласындағы билер институтының болуы- қазақ даласындағы демократияның болғанына дәлел. Қазақ елі сөз қадірін түсініп, сөзге тоқтаған халық. Ұрпақтан ұрпаққа тарап, бізге дейін жеткен «үш би айта білді, өз Тауке мен Абылай хан тыңдай білді» деген сөз айтқан пікірімізге дәлел. Немесе қазақ қоғамындағы ең қиын даулар – жер дауы мен жесір дауын шешу кезінде бір би болмаған. Бірнеше бидің пікірі бір жерден шыққан кезде ғана шешім қабылданған. Бұл да демократияның бір үлгісі. Билердің басты қарауы болған шешендік өнер де сөз бостандығы, жүйелі сөзге құлақ асылған қоғамда ғана дамиды. Ал егерде сөзге қысым жасалса, шешендік өнер құлдырайды. Осыдан біз билердің шешендік сөз өнері өз алдына демократияның бір белгісі, үлкен тәрбие мектебі болғанын байқаймыз.

С.З. Зимановтың еңбектеріне көз жүгіртсек, «ерте және кейінгі жазба деректерге қарағанда ұлттық және аймақтық әділ сот тарихына енген билер саны жүзден астам. Ол билердің ішінде заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» дәстүрлерін ғасырдан-ғасырға жеткізіп, сақтаған және іркез оны уағыздап отырған билер де көп болатын. Таңқаларлығы олар ұлан-байтақ қазақ даласының әр түкпірінде, өз

ауылдарында өмір сүргенімен, олардың атағы бүкіл қазақ даласына әйгілі болды», - деп тұжырымдайды [6, 105-106 бб.].

I.Есенберлин өз зерттеулерінде мынадай қорытындыға келеді: «...Алтын Ордада билердің ықпаы күшейе бастаған. Бұрын Өзбек ханның тұсында, ауыл арасындағы дау-жанжалдан, ағайын ішіндегі талас-тартыстан туған күнә-қылмыстарға, ұры-қары істеріне, кісі өлтірілген төбелестерге үкім айту, жаза бұйыру – діни адамдардың, шейх, кади, ишан, қазылардың шаруасы болатын. Бірте-бірте бұл жұмыстардың бәрі билерге көшкен. Діни басшылардың қолында тек шарифатпен байланысты істер қарау қалған. Сайып келгенде, Алтын Ордада соңғы жылдары ханнан кейінгі елеулі күшке билер айналы. [7, 90 б.]

Билер ел мен елді, ауыл мен ауылды жақындастыра, бітістіре, олардың арасында әділет орнатушы міндетін атқарған, басқа сөзбен айтқанда, сот, прокурор функциясын атқарған. Билердің шешімі дауласқан екі жақтың да талаптарын сай келіп отырған, би билігіне даугер де, айыпкер де разы болған. Бір жақтың шешіммен келіспеуі өте сирек болған.

Ортағасырларда қазақ қоғамында негізгі билік дала заңының билігі болды. Ал ол билікті сақтап, әске асырушы әрі реформаторы билер еді. Би қарапайым халық көзінде ақиқаттың белгісі боп есептелген еді. «Шыннан өзге құдай жоқ», «Малым-жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы» деген ұрандар соны көрсетсе керек.

Қазақ елі Ресей империясына қосылған соң, патшалық үкімет қазақ қоғамындағы билер билігін жою мақсатында әртүрлі әрекеттер жасады. 1784 жылы Орынборда шекара сот мекемесі құрылды. Бұл соттардың құрылуы қазақ даласындағы би сотының қызметін шектей алмады. Шекара сотына қарағанда, билер сотында қарастырылып талқыланған істер әлдеқайда көбірек болды. Қазақтардың Ресей империясына қосылу барысында 19 ғасырдың 20-шы жлдарына дейін билер сотында өзгерістер болған жоқ.

Қазақтың белгілі ағартушысы Ахмет Байтұрсынов айтқандай: «...1822 жыл орыстардың уставы шықтастан бұрын, қазақ өз тентегін өзі тыюшы еді. Биге екі жағы келіп ж.гініп, бидің шешімі әділ болушы еді, оны бұзамын деуш болмаушы еді. Қазақтың мұндай билері, ілуде бір болмаса, қиянат билік айтпаушы еді. Егер бірен-саран көріне қате, әділдікке қайшы билік айтылса, мұның теріс-дұрысын хан сынаушы еді. Мұндай билікті хан сынаудан бастап, қазақ билігі жоғарылы-төменді жәрежеге бөлінді. Халықтың бұрынғы тұрмысы рәсімі өзгере бастаған соң, халық ру-руға бөлініп, көбейіп бастап, бытыраңқы тәртіп әр ел шаруасының ыңғацымен әр жерді меекен етіп, бұрынғы жұрт тегіс сыйлайтын тура билер азая бастады...» [8, 79-80 бб.].

Билер сотының билігіне айтарлықтай өзгерістер енгізген 1822 жылы қабылданған Сібір қырғыздарының жарғысы еді. Бұл жарғыға

сәйкес істер 3 категорияға бөлінді. Бұл істер бойынша қазақтар патша соттарында соттасу керек болды. Маңызды іс санаттары билердің соттылығынан алынып тасталынды. Сонымен қатар бұл жарғыда билер соты шешіміне шағым жасау тәртібі айқындалды. Бұл билер қызметі патша өкіметінің бақылауында блоды деген сөз еді.

Қорыта айтсақ, би дегеніміз – ел-жұртының әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, шежіресін, тарихын, қоғамның даму барысын, айнала қоршаған табиғаттың сан алуан қасиеттері мен құпияларын білетін, адамдардың көкірек-көмбелеріне ой көзімен қарап көре алатын, мінездерді айтқызбай-ақ тап басатын, ғылым білімнен хабардар, кемел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп бере алатын дара қасиетті тұлғалар. Билер – білім мен өнер иесі, өз заманының тарихшысы, ақылшысы, заңгері. Тура биде туған жоқ деген халық арасында сөз бар. Туысымсың деп жалтақтамай, жат адам едің деп ту сыртын бермей тура сөйлеген биді ғана халық пір тұтқан.

Әлихан Бөкейханов «қазақтың би мен билігін өзгертіп не керек, шірік жіп қанша жалғанғанмен не ске жарайды? Бұл биді, билікті жоғалтып, қазақты орыс судьясына қарату керек деп орыс айтады, шарифатқа қарату керек деп молдалар айтады. Біз мұның екеуіне де қол қоймаймыз...» [9] деп қазақ биінің бөлек орнын атап кеткен. Билер институтының ең басты тағылымы – сөз ғылымы мен өнерін терең меңгергендіктері, әділ бола біліп, әдет-ғұрыптан аттамай, өз беделін өздері қалыптастырғандықтарында. Сол шешендік өнерлерін, қабілеттері мен беделін пайдалана отырып, билер қоғамды дамытып, алға жетелеген. Даулы мәселелерді бір ауыз сөзбен тындырып отырған. Тындырғанда да хатсыз, қарасыз, ауызша жүзеге асып бітіп жатқан. Ертедегі бір би осы күніміздегі сот, прокурор, полиция т.б. қаншама мекеменің қызметін атқарған. Ол қызметті атқаруы да, билердің шешім-бітімдері көпшілікке жария болған. Құпия, алдын-ал ымыраласып келісу деген де болмаған. Қазір жиі қолданылатын жариялылық, адамгершілік, гуманизм, демократия деген ұғымдар осы мес па? Қазір қолымыз егемендікке жеткеннен кейін, тарих сынынан өткен басқарудың тың түрлерін қалыптастырудың ағаттығы жоқ. Қазақ елінің салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарымен үйлесім тапқан жобалар мен институттарды қазіргі заман талабымен сәйкестендіріп жаңғыртқанымыздан ұтарымыз көп.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Валиханов Ч. Записка о судебной реформе. Суд биев в древней ародной форме/ Собр. соч. В пяти томах. Т.4. Алма-Ата, 1985. – 527 с.
- 2 Леонтьев А.Л. Обычное право казахов / Юридический вестник, 1889. – Т.5. – 118 с.
- 3 Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1991. – Т.2. – 576 б.
- 4 Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения / под ред. А.Х.Маргулана. – Алма-Ата: Казгихл, 1958. – 432 с.

5 Материалы по обычному праву казахов. Т. 1. – Алма-Ата, 1948. – 437 с.

6 Зиманов С.З. Би – халық шежірешісі, данасы, әрі заңгері // Қазақтың ата Заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов. Материалы, документы, и исследования. 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004., 3 т. – 440 б.

7 Есенберлин І. Ертедегі билер ықпалы. – Қазақтың ата Заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов. Материалы, документы, и исследования. 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004. – 3 т. – 440 б.

8 Байтұрсынов А. Бұрынғы әділ билер // Қазақтың ата Заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов. Материалы, документы, и исследования. 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004., 3 т. – 440 б.

9 «Қазақ» газеті, 1914 ж. – № 50.